

Есеп құрылымы

1) кеңес беруді қажет ететін мәселелер; Жоңышқа өсімдігінің зиянкестері, аурулары және арамшөптерімен күресу шаралары

қойылған мәселені немесе қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсынымдары; Ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік деректерге сүйене отырып, арамшөптер, зиянкестер мен аурулармен күресудің тиімді әдістері мен стратегиялары әзірленіп, агротехникалық, биологиялық және химиялық әдістердің үйлесімді қолданылуы ұсынылуда.

Химиялық күресу шаралары кезінде Қазақстан Республикасы аумағында 2022-2031 жылдар аралығында қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің тізіміне сәйкес, пестицидтердің қолданылуынан кейін қоршаған орта мен экожүйеге мониторинг жүргізу міндетті болып табылады. Әрбір пестицидті қолданар алдында экологиялық жағдайды бағалап, оның табиғатқа тигізетін әсері мұқият зерттелуі тиіс. Бұл шара экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және химиялық заттардың қоршаған ортаға теріс әсерін алдын алу мақсатында жүргізіледі.

Жоңышқа өсімдігінің зиянкестері, аурулары және арамшөптерінің түр құрамына, жалпы жағдайына мониторинг жасауда қажетті құралдармен жабдықталған ҰҰА (ұшқышсыз ұшу аппараттары) пайдалануға болады. Сонымен қатар, зиянкестер, аурулар, және арамшөптермен күресуде биологиялық және химиялық препараттармен өңдеу кезінде де ҰҰА қолдану тиімді.

Осыған байланысты, улағыштарды таңдау міндетті түрде тұқым микрофлорасының түр құрамын анықтауда фитоэкспертизаның алдын ала нәтижелеріне негізделуі тиіс. Бұл препаратты, оның әсерін ескере отырып дұрыс таңдауды және осы іс-шаралардың тиімділігін қамтамасыз етеді.

Жоңышқа тұқымын кешенді препараттармен өңдеудің аурулар мен зиянкестерге, арамшөптерге әсерін арттыру мақсатында тұқымын ТМТД, с.с.к. (тирам, 400 г/л.) 6-8 кг/т + Экстрасол (*Bacillus subtilis*) 2,0 л/т мен үйлестірген нұсқада өңдеу ұсынылды.

2) өнім өндірісін ұлғайтудың/өнімділікті арттырудың/өзіндік құнын төмендетудің сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектісінің ұсынымдарын қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже және т. б.; ТМТД, с.с.к. (тирам, 400 г/л.) 6-8 кг/т + Экстрасол (*Bacillus subtilis*) 2,0 л/т үйлестірген нұсқада биологиялық тиімділік 80,0-85,0 % құрады. Бұл нұсқада өсімдіктердің неғұрлым қарқынды дамуы белгіленді. Тұқымды өңдеудің бұл тәсілі жоңышқаның кешенді ауруларының, зиянкестерінің және арамшөптер зияндылығын төмендетіп, үнемді болып табылады, экологиялық маңыздылығы бар, (препарат тұқымның ішіне енеді), осыған байланысты топырақ аз ластанады.

4) Кеңес беру фотосуреті

